

Бекітілген
2018 ж. 10 мамыр

Утвержден
10 мая 2018 года

**«Высший Колледж Инновационного Евразийского
Университета»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ**

ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

**ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«Высший Колледж Инновационного Евразийского
Университета»**

Қазақстан Республикасы
Павлодар қаласы
Республика Казахстан
город Павлодар

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Толық атауы: «Высший Колледж Инновационного Евразийского Университета» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
- 1.2. Қысқаша атауы: «Высший Колледж ИнЕУ» ЖШС.
- 1.3. Орналасқан жері мен мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қ., Ломов көш., 45.
- 1.4. Серіктестіктің құрылтайшылары (әрі қарай – қатысушылары):
 - 1) «Келешек» ЖШС Қайдаров М.Қ. тұлғасында. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қ., Академик Бектуров 2/1 көш., 106 пәт., пошта индексі 140000, БСН 990740005179; банк реквизиттері: KZ03998FTB0000153565 «ЦеснаБанк» АҚ, БСК TSESKZKA
 - 2) «USR Plus» ЖШС Мақенов С.Г. тұлғасында. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қ., Московская көш., 16 ү., пошта индексі 140000, БСН 171140008659, банк реквизиттері: KZ188562203103695464, «Банк ЦентрКредит» АҚ, БСК KСJBKZKX

2. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ НЫСАНЫ.

- 2.1. «Высший Колледж Инновационного Евразийского Университета» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (әрі қарай мәтін бойынша – «Колледж» немесе «Серіктестік») 2008 ж. «Колледж Инновационного Евразийского Университета» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі деген атаумен, кейін атауын өзгерту және қайта тіркеу арқылы құрылды.
- 2.2. «Высший Колледж Инновационного Евразийского Университета» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік кәсіптік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламасын іске асыратын жоғары колледж мәртебесіне (тұрпаты және түрі бойынша) ие.
- 2.3. Колледждің қызмет мерзімі шектелмеген.
- 2.4. Серіктестік осы Жарғы «Қазақстан Республикасының жауапкершілігі шектеулі серіктестер туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының және Серіктестік өз қызметін сол аумақта жүзеге асырытын өзгеде мемлекеттердің заңдық және нормативтік актілерінің негізінде және оларға сәйкес жұмыс істейді.
- 2.5. Колледж Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде өз филиалдары мен өкілдіктерін құруға, басқа да заңды тұлғалармен бірлестікке (одаққа) қосылуға, сонымен бірге басқа да заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқылы.
- 2.6. Колледжінің меншік құқығында, Колледж қатысушыларының, мемлекеттің және басқа да заңды тұлғалардың мүлкінен оқшандырылған мүлкі бар.
- 2.7. Колледжінің меншікті балансы, өз атауы көрсетілген мөрі, фирмалық бланктері, банктерде есен шоттары бар.
- 2.8. Колледж өз міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап береді.
- 2.9. Серіктестік қатысушылары Колледж міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оның қызметімен байланысты залал кәтерін тек салынған салымдарының құны шегінде көтерілді. Колледж өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. СЕРІКТЕСТІК МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ. ІСКЕ АСЫРАТЫН БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТІЗБЕСІ.

- 3.1. Колледжінің негізгі мақсаты кәсіптік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдамаларын әзірлеу және жүзеге асыру, сонымен бірге білім берудің мазмұнын, әдістемеліктері мен нысандарын және ғылыми - әдістемелік мұрағатты сақтау, дамыту, білімнің сапасы мен деңгейін көтеру, жастардың әлеуметтік, мәдени, білім беру, рухани және басқа да тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру.
- 3.2. Колледждік міндеттері:
 - Оқу процессін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқаға білім саласындағы заңдық – нормативтік актілерге сәйкес ұйымдастыру;
 - Каурларды дайындау, қайта дайындау және біліктіліктерін арттыру;
 - Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын қолдау және жүзеге асыру.
- 3.3. Білім беру қызметтерін регламентісу және тізбесі (оның ішінде ақылыда):
 - Колледж көрсететін білім беру қызметтері: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің негізгі базалық және қосымша бағдамалары бойынша оқыту, арнаулы курстар мен пәндер оқу және Колледжбен тапсырыс беруші арасындағы екі жақты келісім – шарттар бойынша басқа да қызметтер көрсету. Тапсырыс берушілер ретінде жергілікті мемлекеттік басқару органдары, заңды және жеке тұлғалар бола алады. Оқуға төлем ақы мөлшері әрбір жылға қатысушылардың Жалпы жиналысымен немесе Жалпы жиналыс уәкілдік берген қатысушының біреуімен бекітіледі;
 - Колледж білім алушыларды дайындауды Колледжбен білім қызметіне тапсырыс беруші арасындағы білім беру деңгейін, оқу мерзімдерін, оқуға төлем ақы мөлшерін және басқа да шарттарын анықтаған келісім – шартқа орай жүргізеді;
 - Білім алушыларды колледж біріктірілген білім беру бағдарламалары бойынша басқа оқу мекемелерімен, оның ішінде шетелдік термен білігін дайындай алады.
- 3.4. Қосымша қызмет түрлері: оқыту және консультациялық қызметтерді көрсету; денсаулық ақтау, тамақтану, сауық және жарнама саласында қызметтер көрсету; практика жүргізу және оқу бітірушілерді жұмысқа орналастыру үшін ғылыми - өндірістік бөлімшелер құру; өндірістік – шаруашылық, коммерциялық және де қолданыстағы заңдарға қайшы емес басқа да қызметтер.
- 3.5. Қызметтердің кез келген лицензияланатын түрлері тиісті лицензия алынған соң жүзеге асырылады.
- 3.6. Колледж қызметі мен даму бағытын, сонымен бірге жұмыс режимін өз бетінше жоспарлайды.

4. КОЛЛЕДЖДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 4.1. Колледж осы түрдегі ұйымдар үшін Қазақстанның заңнамасында көрсетілген барлық құқықтарды пайдаланады және міндеттерді орындайды.

5. ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ, КОЛЛЕДЖІНІҢ МҮЛКІ.

- 5.1. Колледждің қызметін капиталымыз ету үшін оның құрылтайшыларымен көлемі 103000 тенге Жарғы капиталы құрылған.
- 5.2. Колледждің жарғы капиталының көлемі Қазақстанның заңнамасына сәйкес қатысушылардың Жалпы жиналысы шешімінен өзгертілуі мүмкін.
- 5.3. Колледждің мүлкі оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) салымдары есебінен, Колледж тапқан пайдадан, сонымен бірге заңдармен тиым салынбаған басқа да көздерден құрылады.
- 5.4. Құрылтайшылармен (қатысушылармен) Колледжге бекітілген меншік объектілерін пайдалану олардың арналу мақсатына және Колледждің міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, егер Жалпы жиналыстың шешімінен өзге ештеңе қабылдайбаса.
- 5.5. Қатысушылардың салымдары есебінен құрылған, өндірілген немесе серіктестіктің қызмет процессінде сатып алынған, сондай-ақ қарыздық қаражат, сый-сияпат, демеуші көмегі, заңды, жеке тұлғалардан немесе мемлекеттен бөлінген гранттар есебінен құрылған мүлік, колледждің қызметінің нәтижесі болып келетін зияткерлік және шығармашылық еңбек өнімдері Колледждің меншігі болады және дербес баланста есептеледі.
- 5.6. Колледж қызметік қаражаттандыру көздері:
 - 1) қатысулар салымы;
 - 2) ақылы қызмет көрсетуден түскен табыс;
 - 3) ұтып алынған гранттар, демеушілер, қайырымдылық қорлары, ерікті жарналар және заңды жеке тұлғалардың қайырымдылық – тары есебінен алынған қаражаттар;
 - 4) бюджеттік қаражаттар бөлінген бюджеттік орындар көлемінде;
 - 5) өзге де, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, қаржыландыру көздері.

6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- 6.1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушылары болып оның құрылтайшылары, сонымен бірге. Серіктестік құрылғаннан кейін оның мүлкіндегі үлеске құқығы бар адамдар бола алады.

7. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

7.1. Серіктестік қатысушылары құқылы:

- 1) Осы Жарғы мен Қазақстанның заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- 2) Серіктестік қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқа да құжаттарымен танысуға;
- 3) Заңдарға, Серіктестіктің құрылтайшылық құжаттарына және Жалпы жиналыс шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;
- 4) Серіктестікке қатысуға өз үлесін Заңдармен және осы Жарғымен көрсетілген тәртіпте оқшаулау арқылы тоқталуға;
- 5) Серіктестіктің кез келген қатысушысы өз үлесік немесе оның бөлігін сотқанда үшінші тұлғалар алдында қатысушы үлесік немесе оның бөлігін сатып алуға басымдық құқық ие.
- 6) Заңдармен және (немесе) Серіктестіктің осы Жарғысымен көзделген олардың құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдерін сот.
- 7) Серіктестік жойылған жағдайда Серіктестік мүлкіндегі өз үлесіне сәйкес мүлік бөлігін алуды.

7.2. Серіктестік қатысушылары міндетті:

- 1) Серіктестіктің құрылтайшылық құжаттарының талаптарын сақтауға;
- 2) Серіктестіктің Жарғы капиталына салындарды құрылтайшылық құжаттармен көрсетілген тәртіпте, көлемде, тәсілде және мерзімде салуға;
- 3) Серіктестік коммерциялық құпия ден жариялаған мәліметтерді жария етуге;
- 4) Қатысушы туралы мәліметтердің: атауы, орналасқан жері, адресі, банк реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) немесе аты, мекен-жайы, жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) өзгергенін атқарушы органға, сонымен бірге Серіктестік қатысушыларының тізілімі жүргізілген жағдайда, тіркеушіге жазбаша хабарлауға.

8. ҚАТЫСУШЫНЫҢ МҮЛІКТЕГІ ӨЗ ҮЛЕСІН ИЕЛЕНУІ.

8.1. Серіктестік құрылтайшылары қолданыстағы заңдарға сәйкес Колледждің мүлкіндегі өз үлесін иеленуге құқылы.

9. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

9.1. Колледждің басқару органдары болып табылады:

- басқарудың жоғары органы — қатысушылардың Жалпы жиналасы (Жалпы жиналыс);
- байқаушы орган — Байқаушы Кеңес;
- атқарушы орган — Директор.

9.2. Колледж органдарының құзыры, сонымен бірге олардың Колледж атынан шешімдер және (немесе) іс-әрекеттер қабылдау тәртібі, Қазақстан Республикасының Заңнамасымен, осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі регламенттік актілермен анықталығы.

9.3. Педагогикалық кеңес өкілдікті орган болып табылады. Колледждің Педагогикалық кеңесі әдістемелік жұмысты басқару, Колледждің үздіксіз білім беру принциптерін іске асырумен айналысады. Педагогикалық кеңестің құрамына Колледжге жұмыс істеп жүрген педагог қызметкерлер кіреді. Сондай-ақ оған Серіктестіктің қатысушылары немесе олардың өкілдіктері кіре алады.

10. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС

10.1. Жалпы жиналыстың құқырына жатады:

- 1) Колледждің Жарғысының өзгеруі, оның ішінде Колледждің Жалпылық капиталы көлемінің, орналасқан жерінің, фирмалық атауының өзгеруі немесе Колледж Жарғысының жаңа редакцияда бекітілді;
- 2) Директорды, бас бухгалтерды тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен тұрын тоқтау, сондай-ақ Колледжді немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және ондай берудің шарттарын анықтау;
- 3) Жылдың қаржы есебін бекіту және таза кірісті бөлу;
- 4) Ішкі ережелерді, оларды және Колледждің ішкі қызметтік реттейтін басқа да құжаттарды қабылдау процедураларын бекіту, тек қана осы Жарғымен олардың құзырына жатқызылған құжаттардан басқа;
- 5) Колледждің басқа да шаруашылық серіктестіктерге, сонымен бірге коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;
- 6) Колледжді қайта ұйымдастыру мен тарату (жою) туралы шешім;
- 7) Жою комиссиясын тағайындау және жою балакөтерін бекіту;
- 8) Қазақстанның заңнамасына сәйкес Серіктестік қатысушысынан үлесін мәжбүрлен сатып алу туралы шешім;
- 9) Колледждің барлық мүлкінің кепілдігі туралы шешім;
- 10) Колледждің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;
- 11) Серіктестік қатысушыларына және үлестерік сатып алушыларға Колледждің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімін бекіту;
- 12) Қазақстан Заңнамасымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жоғарғы органын құзырына жатқызылған басы сұрақтарды шешу;
- 13) Колледждің Байқаушы Кеңесін құру, Байқаушы Кеңестің төраға мен оның мүшелері сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге Колледждің Байқаушы Кеңесін есептері мен қорытындыларын бекіту.

10.2. Байқаушы кеңес, директор немесе қатысушылардың ұсынысы бойынша жалпы жиналыс колледждің басқаруы мен шаруашылық қызметіне қатысты кез келген басқа да мәселелерді қарлуы мүмкін, оның ішінде осы жарғымен колледждің басқа органдарының айрықша құзырына жатқызылған сұрақтарда да. Жалпы жиналыс Колледждің қызметіне жататын мәселелер бойынша Колледждің басқа органдарының кез келген шешімдерін жоюға құқылы.

10.3. Серіктестіктің әрбір қатысушысы Жалпы жиналыста оның Серіктестік жарғы капиталындағы үлесін сәйкес дауыс санына ие болады.

10.4. Осы Жарғының 10.1. тармағының 1), 2), 6), 8), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша шешімдер барлық қатысушылар бірауыздан қабылданады. Осы мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жалпы жиналыстың барлық қатысушылар немесе олардың уәкілетті өкілдері болған кезде ғана кворум анықталады. 10.1. тармағының 8) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдағанда, үлесі мәжбүрлек сатып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оған жататын дауыс саны есептелінбейді.

10.5. Қатысушылардың Жалпы жиналысы жарамды жариялайды және жарияланған уақытта ашылады, егер оған дауыс санының 2/3 кем емес ие болатын қатысушылар немесе олардың өкілдері қатысса.

10.6. Жалпы жиналыс директормен немесе Байқаушы Кеңеспен қажетті жағдай бойынша, бірақ жылына бір реттен кем емес, шақырылады. Серіктестік мүлкінің жиынтығында 10 % мүлкіне ие қатысушыларының талабы немесе Байқаушы Кеңестің кез келген мүшесінің талабымен Жалпы жиналыстың кезектен тыс мәжілістері шақырылады.

10.7. Жалпы жиналысты шақыру және өткізу Қазақстанның Заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

11. БАЙҚАУШЫ КЕҢЕС

11.1. Директордың қызметіне бақылауды жүзеге асыру Колледжде Байқаушы Кеңес құрылады. Оған қатысушылардың Жалпы жиналысы арасында Жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатқызылмаған барлық құқықтары мен өкілеттіктері беріледі. Байқаушы Кеңес Колледждің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Байқаушы кеңес Жалпы жиналыспен сайланады, құрамында төраға және оның мүшелері, санын Жалпы жиналыс анықтайды және Жалпы жиналыспен белгіленген мерзімге, бірақ бес жылдан аспауы керек.

11.3. Егер басқардай Жалпы жиналыс шешімімен белгіленбесе, Байқаушы Кеңестің айрықша келесі сұрақтар жатады:

- 1) бас бухгалтерді, ішкі аудит қызмететінің қызметкерлерін қызметке тағайындау және босату;
- 2) штат кестесін бекіту, тағайындалатын орынбасарлар, кафедра менгерушілерін, бөлім менгерушілерін, бөлімше басшыларын және олардың орынбасарларының кандидатураларын келісуі, атқарушы органға, бөлімше басшыларына сыйақы мен өтемақы көлемдерін белгілеу, оның ішінде оңашаланған, Колледждің еншілес кәсіпорындарының;
- 3) қызметтік міндеттерді бөлу, еңбек төлеу жүйесін анықтау, оның ішінде Колледждің қызметкерлерінің еңбегін материалдық үстемелеу жүйесі;
- 4) болашақ жоспарларды, кіріс және шығыс сметаларын бекіту, тексеру комиссиялары мен аудиторларды тағайындау, тексеру қорытындыларын қабылдау;
- 5) банк есеп шоттарын ашу туралы шешім қабылдау және банк құжаттарына қолтанба қою құқығын ұсыну;
- 6) Колледждің есеп саясатын, кеңестер, филиалдар, Колледждің өкілдіктері басқа да бөлімшелері туралы ережелерді бекіту;

- 7) Колледждің лауазымды тұлғалары мен қызмегерлерінің мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдау;
- 8) Колледж немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия ақпаратты анықтау;
- 9) атқарушы органның қызметі туралы есепті қарау;
- 10) Колледжбен бағасы 400 мың теңгеден асатын шарттар және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 11) Колледждің мақсаттарына жетуге және қатысушылар жалпы жиналысының шешімдерін орындауға бағытталған басқа да шешімдерді қабылдау, тек қана құрылтайшылардың жиналысының айрықша құзырына енетіндерден басқа;
- 12) Колледждің тәуелсіз аудиторының кандидатурасын және онымен шарт жобасын бекіту;
- Байқаушы Кеңес Жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатқызылмаған басқа да сұрақтарды қарауға құқылы, және олар бойынша Колледждің атқарушы органы үшін міндетті шешім қабылдауға.
- 11.4. Төраға Байқаушы Кеңесті басқарады.
- 11.4.1. Төраға Байқаушы Кеңес жұмысын ұйымдастырады, оның мүшелерінің қызметтік міндеттерін анықтайды, Байқаушы Кеңестің мәжілістерін шақырады және оларда төрағалық жасайды.
- 11.4.2. Байқаушы Кеңестің мәжілістері арасында төраға Байқаушы Кеңестің құзырларының сұрақтары бойынша шешімдерді жеке дара өзі қабылдауға және шығаруға құқылы.
- 11.4.3. Жазылғандардан басқа төраға немесе оның өкілеттіктерін орындаушы тұлға құқылы:
- Серіктестік атынан үшінші тұлғалармен қатынаста сенімхатсыз іс-әрекеттер жасауға;
 - Серіктестіктің мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар беруге;
 - Банк қаржыларына бірінші қолтаңба қоюға.
- 11.4.4. Төраға болмаған жағдайда, оның өкілеттіктерін төрағаның жазбаша өкімімен тағайындалған Байқаушы кеңестің мүшелері бірі орындайды.
- 11.5. Байқаушы кеңесінің қаржы мәселелері бойынша Колледждің даму стратегиясын үйлестіреді, материалдық базасын құру бойынша қызметіне бағытталуды қамтамасыз етеді және Колледждің жұмысының әлеуметтік мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.
- Байқаушы кеңесінің қаржы мәселелері бойынша өз міндеттері атқару үшін құқылы:
- Серіктестіктің мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар беруге;
 - Банк қаржыларына бірінші қолтаңба қоюға.
- 11.6. Осы Жарғымен анықталмаған байқаушы Кеңес қызметінің тәртібі, заңнамамен және қатысушылардың Жалпы жиналысымен бекітілген Байқаушы Кеңес туралы Ережемен реттеледі.
- 11.7. Байқаушы Кеңестің барлық мүшелері Колледждің қызметкерлері болып табылады және оларға жүктелген міндеттерді орындағаны үшін сыйлықақы алады, көлемін қатысушылар Жалпы жиналысы белгілейді. Байқаушы Кеңес мүшелерінің Колледж мүддесінде жұмыспен байланысты барлық шығыстары Колледжбен Қазақстанның еңбек туралы заңнамасымен көрсетілген тәртіпте және көлемде төленеді.

12. ДИРЕКТОР

- 12.1. Колледждің ағымдық қызметіне басшылықты және оның істерік жүргізуді жеке дара атқарушы орган – директор жүзеге асырады.
- 12.2. Директордың құзырына Колледж қызметіне қамтамасыз студент Жалпы жиналысы немесе Байқаушы Кеңесі құзырына жатқызылмаған барлық сұрақтар етеді. Олар заңнамамен, осы Жарғымен немесе ережелермен және Жалпы жиналыспен қабылданған басқа да құжаттармен анықталған.
- 12.3. Колледж директоры:
- 1) Колледж атынан сенімхатсыз іс-әрекеттер жасайды;
 - 2) Колледжді ұсыну құқығына ие сенімхаттар береді;
 - 3) Колледж сапасы 400 мың теңгеден аспайтын мәмілелер жасау туралы шешім қабылдайды;
 - 4) Колледж жұмыскерлеріне қатысты олардың лауазымға тағайындалуы мен ауысуы, босатылуы туралы бұйрықтар шығарады, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптіктің жазалар қолданады.
 - 5) Заңнамамен немесе осы Жарғымен Жалпы жиналысы немесе Байқаушы Кеңесі құзырына жатқызылмаған өзге де өкілеттіктейді жүзеге асырады.
- 12.4. Директор қызметінің тәртібі және оның шешімдер қабылдау тәртібі осы Жарғымен, сонымен бірге ережелер және Жалпы жиналыспен қабылданған басқа да құжаттармен анықталады.
- 12.5. Колледж қызметін ұйымдастыру мақсатында Директор, Байқаушы Кеңеспен келісіп, Директордың орынбасарларын тағайындайды. Егер директор болмаған жағдайда немесе өзге де себептермен оған жүктелген функцияларды орындай алмаса, оның функциялары орынбасарларының бірімен орындалады. Оған, орын басқан кезге директордың барлық құқықтары мен міндеттері табысталады.

13. СЕРІКТЕСТІКТИҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

- 13.1. Колледж бен жұмыскерлердің қатынасы еңбек туралы заңмен және Қазақстанның өзге де Заң актілерімен реттеледі.
- 13.2. Колледжге жұмысқа жұмыскерлердің қабылдау Колледж директорымен еңбек келісім-шартын жасаумен жүзеге асырылады. Еңбек келісім шарты жазбаша түрде жасаланады және жұмыс беруші мен жұмыскердің қолдары қойылады.
- 13.3. Колледж жұмысқа қабылданған адамдар құқылы:
- 1) Тиісті шарттармен оқу, ғылыми және төраға немесе директор шешімімен орындалатын басқа да жұмыстарға қатыстырылуға;
 - 2) Колледж шығаратын коммерциялық немесе мемлекеттік құпия болатын мағлұматтары жоқ, барлық ғылыми, әдістемелік және басқа кітаптарды пайдалануға;
 - 3) Төрағаның немесе Колледж директорының шешімімен комиссия немесе делегация құрамына енгізілуге.
- 13.4. Колледжге жұмысқа алынған адамдар міндетті:
- 1) өзгерінін лауазымдық міндеттерін лауазымдық қызмет құсқаулықтарына, еңбек келісім шарттарына және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;
 - 2) Колледждің беделін жанжақты қолдап арттыруға;
 - 3) Колледждің мүлкі мен беделіне келтірген зиян үшін моральдік, материалдық және өзге де жауапкершілік шетуге.

14. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕССИ. КОЛЛЕДЖДІҢ СТУДЕНТТЕРІ. КОЛЛЕДЖ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ.

- 14.1. Колледж өзінің білім беру процессінде Қазақстан Республикасының білім туралы Заңнамасын, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңдық-нормативтік актілерін басшылыққа алады. Колледжге түсушілерді қабылдау заңды және жеке тұлғалармен келісім-шарт негізінде жүргізіледі.
- 14.2. Азаматтарды Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізге ала отырып Колледж жыл сайын өз бетінше қабылдау ережесін әзірлейді. Студенттердің Колледжге қабылдау комиссиясының шешімі негізінде директордың бұйрығымен жүргізіледі.
- 14.3. Студенттердің оқу жүктелімі лицензияланған мамандықтар үшін мемлекеттік білім стандарттарының деңгейінен төмек емес және басқа да білім беру курстары үшін бекітілген оқу бағдарламаларымен анықталады.
- 14.4. Оқу тілі студенттермен өз еркі қағидасы бойынша тандалады. Колледжде оқу тілі ретінде қазақ, орыс және басқа тілдер қабылданған.
- 14.5. Колледжде білім алушылар құқылы:
- 1) Ғылымның, техниканың және мәдениеттің даму деңгейіне сәйкес келетін білім алуға;
 - 2) Оқу-тәрбие процессінде көзделген жараларды жүргізгенде белгіленген тәртіпте кітапханада ақпараттың қорды, оқу, ғылым, емдеу және басқа да Колледж бөлімшелерінің қызметтерін пайдалануға;
 - 3) Қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес меншік түріне қарамастан басқа оқу орнына ауысуға, сонымен бірге оқу түрін және даярлау бағытын өзгертуге;
 - 4) Белгіленген тәртіпте Колледж әкімшілігінің бұйрықтары мен өкіміне шағым беруге.
- 14.6. Білім алушылар міндетті:
- 1) Білімді игеруге, белгіленген мерзімде оқу жоспарлары мен бағдарламаларында көрсетілген барлық тапсырмалар түрлерін орындауға;
 - 2) Колледждің Жарғысын, жараксана және ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

- 3) Келісім шартты орындауға, мезгілімен оқыту қызметтерінің төлем ақысын төлеуге;
 - 4) Білім алушыға Жарғымен, келісім-шартпен және ішкі тәртіп ережелерімен көрсетілген міндеттерді бұзғаны үшін оқуына түскен қоржыны қайтарусыз Колледжден шығарылуына дейін тәртіптіктің жаза қолданылуы мүмкін.
- 14.7. Студент Колледжден директордың бұйрығымен шығарылуы мүмкін:
- 1) өз қалауы бойынша;
 - 2) ВКК анықтамасы негізінде денсаулық жағдайына байланысты;
 - 3) Басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
 - 4) Академиялық оқу үлгермеуі үшін;
 - 5) Оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережесін, осы Жарғыны бұзған үшін;
 - 6) Келісім-шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін.

Студенттерді шегеру тәртібі колледжге Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес дайындалған ережелер бойынша анықталады.

- 14.8. Ата-аналар (заңды өкілдер) құқылы:
- 1) Баласының оқу бағдарламасын игергені туралы объективті ақпарат алуға;
 - 2) Колледж кеңестерінің мәжілісітеріне қатысуға және сайлауға.

14.9. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

- 1) Студентінің ұстаздарымен байланыс жасауға;
 - 2) Баланың табысты оқуына үйде қолайлы жағдай жасауға;
 - 3) Ақылы оқу қызметтерінің келісім-шарт міндеттерін мезгілінде және қалтқысыз орындауға.
- 14.10. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылаудан өткізу білім саласындағы уәкілетті органның нормативтік актілеріне және мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары негізінде жасалған жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 14.11. Білім алушыларды қорытынды аттестаттан өткізу және оларға біліктілік беру үшін белгіленген тәртіпте бекітілген біліктілік комиссиясы құрылады. Қорытынды аттестатаудан табысты өткен және келісім-шарттық міндеттемелерін орындаған оқу бітірушілерге белгіленген үлгідегі білімі туралы құжат беріледі.
- 14.12. Студенттерге арналған режим мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу бағдарламалары мен ұсыныстары негізінде дайындалған колледж бекіткен ережелермен анықталады.
- 14.13. Студенттердің білімін бақылау, аралық және қорытынды аттестациялау жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы негізінде дайындалған колледж бекіткен ережелермен анықталады.

15. ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕП - ҚИСАП. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА КОЛЛЕДЖДІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ.

- 15.1. Колледждің бухгалтерлік және статистикалық есебі мен есен - қисабы бухгалтерлік есеп пен қаржы есеп – қисабы туралы заңнамаға, Қазақстанның өзге де заң актілеріне, осы Жарғыға, Колледждің есеп саясатына және Колледждің қызметін реттейтін басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 15.2. Қатысушының талабы бойынша Серіктестік бес кун ішінде оған Колледж қызметі туралы құжаттармен және Қазақстанның заңдарымен анықталған құрамда қатысушыларының мүддесіне қатысты ақпаратпен тасынуға мүмкін беруге міндетті.
- 15.3. Колледж қызметтері туралы құжаттардың көшірмелері Колледждің қатысушысына оларды дайындауға кеткен шығыннан аспайтын ақыға, көшірмелерін дайындауға ақы алынған күннен бастап он (10) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі мүмкін. Қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпараты бар құжаттар қатысушыға, оның талабы бойынша, көшірмеледі берілмей іек қана танысуға ұсынылады.
- 15.4. Серіктестіктің үлестерін сатып алушыларға Колледждің қызметі туралы ақпаратты ұсыну үлестерді сатып алу туралы алдын ала жасасылған шартпен анықталған көлемде, осы Жарғының 14.2. тармағымен белгіленген тәртіп пен мерзімде жүзеге асырылады.

16. СЕРІКТЕСТІКТІҢ КІРІСІН БӨЛУ ЖӘНЕ ЗАЛАЛЫП ОРНЫНА ТОЛТЫРУ.

- 16.1. Серіктестік қатысушылары арасында Колледждің бір жылдағы қызметі бойынша алынған таза кірісін бөлу, Колледждің тиісті жылғы қызмет нәтижесін бекітуге арналған кезекті Жалпы жиналыс шешіміне сәйкес жүргізіледі. Жалпы жиналыс Серіктестік қатысушылары арасында таза кірісті немесе оның бөлігін бөлуді алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 16.2. Жалпы жиналыс кірісті қатысушылар арасында бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда әрбір қатысушы дивиденд – бөлінетін кірістің Серіктестіктің Жарғы капиталындағы үлесіне сәйкес бөлігін алуға құқылы.
- 16.3. Серіктестіктің мүмкіндік залалын меншікті капитал есебінен жабылады. Меншікті капитал қаражаты залалды өтеуге жетпесе, оның орнын толтыру көздері туралы шешім Серіктестіктің жоғарғы органымен қабылданады.

17. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ.

- 17.1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, бөлінін шығу, қайта құрылу) немесе жою жауапкершілігі шептеулі серіктестіктер туралы заңнамамен белгіленген ерекшеліктерді еске ала отырып Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне қатан сәйкес жүзеге асырылады.
- 17.2. Егер Заңдық актілермен немесе қайта ұйымдастыру туралы шешіммен өзге ештеңе көрсетілмесе қайта ұйымдастырылған Серіктестіктің мүлкі оның құқықты иеленушісіне тіркелу кезінде аусынады.
- 17.3. Серіктестік өз қызметін мынадай негіздеме бойынша тоқтатады:
- 1) Қатысушылардың Жалпы жиналыс шешімі бойынша;
 - 2) Соттың шешімі бойынша;
 - 3) Заңды актілермен көрсетілген өзге де негіздермен.
- 17.4. Серіктестікті тарату Серіктестіктің жою комиссиясымен Қазақстан Республикасының заңнамаларымен көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады.
- 17.5. Серіктестік таратылғанда, несиенегерлерімен есеп айырысқан соң, қалған барлық мүлік Серіктестік қатысушыларына тиісті.

18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

- 18.1. Осы Жарғының ережелерімен және (немесе) Құрылтайшылық келісім – шарттың шарттарымен реттелмеген Серіктестік қатысушыларының барлық және кез келген құқықтары мен міндеттемелері, Серіктестіктің қатысушыларға немесе үшінші тұлғаларға қатынасты барлық және кез келген құқықтары мен міндеттерілері, сонымен бірге Серіктестіктің қызметімен, қайта ұйымдастыруымен және (немесе) жойылуына байланысты өзге де құқықты қатынастады Қазақстан Республикасының азаматтық заңдар нормаларына сәйкес пайда болады, жүзеге асырылады, орындалады және тоқтатылады.
- 18.2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат келесі баспа басылымдарында жарияланады: «Юридическая газета» немесе «Заң газеті»


19. ҚҰРЫЛТАЙШЫ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

19.1. Құрылтайшы құжаттарына өзгеріс және толықтырулар құрылтайшылардың жалпы жиналысы шешімімен енгізіледі. Құрылтайшы құжаттарына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы жалпы жиналыс шешімі жиналысқа қатысушылардың көпшілігінің төрттен үш бөлігі дауыс берген жағдайда қабылданады.

20. ҚАТЫСУШЫЛАР:

«Келешек» ЖШС директор Қайдаров Мурат Қажықенович тұлғасында *Мурат Қайдаров Мурат Қажықенович*

«USR Plus» ЖШС құрылтайшы Мәкенов Серкбай Ғабибулович тұлғасында *Мәкенов Серкбай Ғабибулович*



1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 1.1. Полное наименование: Товарищество с ограниченной ответственностью «Высший Колледж Инновационного Евразийского Университета»
- 1.2. Сокращенное наименование: ТОО «Высший Колледж ИНЕУ»
- 1.3. Место нахождения и адрес: Республика Казахстан, Павлодарская область, 140003, г. Павлодар, ул. Ломова, 45.
- 1.4. Учредителями (далее - участниками) товарищества являются:
 - 1) ТОО «КЕЛЕШЕК», в лице Кайдарова М.К. Место нахождения: Республика Казахстан, Павлодарская область, г.Павлодар, ул. Академика Бектурова 2/1, кв. 106, почтовый индекс 140000, БИН 990740005179, банковские реквизиты: KZ03998FTB0000153565 в АО «ЦеснаБанк», БИК TSESKZKA
 - 2) ТОО «USR Plus», в лице Макенова С.Г. Место нахождения: Республика Казахстан, Павлодарская область, г.Павлодар, ул. Московская, здание 16 почтовый индекс 140000, БИН 171140008659, банковские реквизиты: KZ188562203103695464 в АО «Банк ЦентрКредит», БИК KСJВKZKX

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС И ОРГАНИЗАЦИОННАЯ ФОРМА

- 2.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Высший Колледж Инновационного Евразийского Университета» (именуемое в дальнейшем по тексту – "Товарищество" или "Товарищество") создано в 2008 г. под наименованием Товарищество с ограниченной ответственностью «Колледж Инновационного Евразийского Университета» с последующим изменением наименования и перерегистрацией.
- 2.2. Товарищество с ограниченной ответственностью «Высший Колледж Инновационного Евразийского Университета» имеет статус (по типу и виду) высшего колледжа реализующего интегрированные модульные образовательные программы технического и профессионального, послесреднего образования.
- 2.3. Срок деятельности Колледжа не ограничен.
- 2.4. Товарищество функционирует на основании и в соответствии с настоящим Уставом, законодательством Республики Казахстан о товариществах с ограниченной ответственностью, законодательными и нормативными актами Республики Казахстан и иных государств, на территории которых Товарищество осуществляет свою деятельность.
- 2.5. Колледж вправе создавать на территории Республики Казахстан и за рубежом филиалы и представительства, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть учредителем иных юридических лиц.
- 2.6. Колледж имеет на праве собственности имущество, обособленное от имущества участников Колледжа, государства и иных лиц.
- 2.7. Колледж имеет собственный баланс, печать со своим наименованием, фирменные бланки, счета в банках.
- 2.8. Колледж несет ответственность по своим обязательствам всем своим имуществом.
- 2.9. Участники Товарищества не отвечают по обязательствам Колледжа и несут риск убытков, связанных с его деятельностью в пределах стоимости внесенных ими вкладов. Колледж не отвечает по обязательствам своих участников.

3. ЦЕЛИ, ЗАДАЧИ И ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА. ПЕРЕЧЕНЬ РЕАЛИЗУЕМЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛУГ.

